

Ұлы Даланың жетістіктері

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы - халқымыздың сан ғасырлардан бері сынын бұзбай сақталып келген салт-дәстүрлерін жаңғыртуға, мәдениетімізді танып-білуге деген құштарлыққа, тарихымызды ұмыт қалдырмай, керісінше тарихымызбен мақтануымызға себепкер болатын басты да маңызды бағдарлама десек артық айтқандық емес.

Мақалада қазақ халқының тарихындағы қасіретті сәттер мен қайғылы оқиғалар, сұрапыл соғыстар мен қақтығыстар, әлеуметтік тұрғыдан қауіпті сынақтар мен саяси қуғын-сүргіндердің аз болмағаны, сондықтан тарихымызды ұмытуға хақымыз жоқ екендігі айтылып, көпқырлы әрі ауқымды тарихымызды дұрыс түсініп, дұрыс қабылдауымыз жайлы сөз қозғалады. Ұлы даланың жеті қырын білу - жүрегі «елім, «жерім» деп соғатын әрбір патриот үшін басты міндет десек те болады. Елбасымыз осы мақаласында өткенімізді санамыздан өшіріп алмау үшін, тарихи сананы жаңғырту мәселесін көтеріп, халқымызға тағылымды тәлімін ұсынып отыр. Халқымыздың ұлттық болмысымызды сақтап, тарихымызды жаңғыртуы жайына кеңінен тоқталған. Әсіресе, өсіп келе жатқан жас буынды ұлттық тәрбиемен сусындату керектігі жөнінде жазған. Біздің қайсар бабаларымыз, қара қылды қақ жарған кемеңгерлеріміз бен ел билеушілеріміз тек біз ғана емес, сондай-ақ бүкіл әлем бойынша «еліктеуге лайықты тұлғалар» екендігін Елбасы нақты қадағалап айтып



отыр. Бұл мақала бұдан бұрын шыққан «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты ұлттың рухани болмысын жаңғыртуға бағытталған мақаланың заңды жалғасы деуге толық болады.

Мақала «Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт», «Тарихи сананы жаңғырту» атты бөлімдерден тұрады. Мақаланың алғашқы жеті тарауында бабаларымыздың өз заманында жеткен жетістіктері мен технологиялық жаңалықтарын жіліктеп түсіндіріп, құйма құлаққа құйып, көкірегінде көзі барға көрсетіп, бүгінгінің саналы ұрпағына ұқтырып отыр.

Қазақ халқының өмір сүру дағдысы, тұрмысы, салт-дәстүрі жайлы білу, соны сақтап кейінгіге үйрету ұрпақтарының парызы. Бабаларымыз ашқан жаңалықтарын, жеткен жетістіктерін кейінгіге аманаттап кетеді. Сол аманатты Елбасымыз. Түркі халықтарының алтын бесігі - Тәуелсіз Қазақстанның жастарына «Жастар жылын» жариялай отырып, шыққан тектерімен таныстырған мақаласын ұсынған болатын. Ал осыны оқыған ұрпақ төл тарихын білуге ұмтылып, тарихи санасы жаңғырып, мақалада айтылған керемет идеяларды қолға алып, жобаларға атсалысатынына сенемін.

Сонымен қатар бұл мақала тек жас буынға арналмаған дер едім. Мен де педагог маман ретінде бұл мақаланы оқығанда, патриоттық сезімге бөленіп, төл тарихымды, салт-санамды еске түсіргенде кеудемді мақтаныш сезімі кернеді. Мақаланы оқып отырғанда іштей өзімнің қазақ екендігіме мақтанып отырдым. Кейіннен мынандай ой қорыттым: «Ата-бабаларымыздан сарқылмайтын мұра болып сақталып келе жатқан мәдениетімізді, салт-санамызды қолдан келгенше өз шәкірттеріме дәріптеймін. Сөйтіп білімді әрі саналы ұрпақ тәрбиелеуге өз үлесімді қосамын».

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы болатын Елбасының тарихи сананы жаңғыртуға бағытталған ұсыныстары мемлекетіміздің нығаюына септігін тигізетініне толық сенімдімін. Өйткені тарихын білген ел ғана өткеннен сабақ алып, жарқын болашаққа жол тауып жетістіктерге жетеді. Ел болашағын бәсекеге қабілетті, білімді әрі өткеннен сабақ ала алатын дарынды жастарға сеніп тапсырамыз!

Зульфия БЕЙСЕНОВА,
Ы.Алтынсарин атындағы
Арқалық педагогикалық институтының оқытушысы.